

Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін Астана қаласының спортшыларына, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ Астана қаласында спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықтылым төлемдерінің мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Астана қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 18 наурыздағы № 112-754 қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2025 жылғы 18 наурызда № 1406-01 болып тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 28 қарашадағы № 112-4655 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 28.11.2025 № 112-4655 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 8-бабы 1-тармағының 20-4) тармақшасына сәйкес Астана қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін Астана қаласының спортшыларына, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ Астана қаласында спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықтылым төлемдерінің мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Нұр-Сұлтан қаласының спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласында спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және

клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықтылым төлемдерінің мөлшерін бекіту туралы" Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 112-2072 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1294 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулы ресми жарияланғанынан кейін оның Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары Е.С. Мейірхановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласының әкімі

Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімінің
2025 жылғы 18 наурыздағы
№ 112-754 қаулысына
қосымша

Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін Астана қаласының спортшыларына, сондай-ақ Астана қаласында спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға ай сайынғы ақшалай жабдықтылым төлемдерінің мөлшері

Р/с №	Спорттық іс-шараның атауы	Жүлделі орын	Жабдықтылым мөлшері (АЕК)	Ескертпе
1	2	3	4	5
1.	Олимпиада, Паралимпиада және Сурдлимпиада ойындары (жазғы, қысқы)	1-орын	500 АЕК	Төлемдер Олимпиадалық, Паралимпиадалық ж ә н е Сурдлимпиадалық ойындарға дейін жүзеге асырылады (жазғы, қысқы).
		2-орын	400 АЕК	
		3-орын	300 АЕК	
		4-орын	200 АЕК	
		5-орын	100 АЕК	
		6-орын	50 АЕК	
	Жасөспірімдер	1-орын	130 АЕК	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі Жасөспірімдер
		2-орын	120 АЕК	
			110 АЕК	

2.	Олимпиада ойындары (жазғы, қысқы)	3-орын		Олимпиадалық ойындарына дейін жүзеге асырылады.
3.	Ж а б ы қ ғимараттардағы Азия ойындарын қоспағанда Азия, Паралимпиада, Сурдлимпиада ойындары (жазғы, қысқы)	1-орын	150 АЕК	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі А з и я , паралимпиадалық ж ә н е сурдлимпиадалық ойындарға дейін жүзеге асырылады.
		2-орын	125 АЕК	
		3-орын	100 АЕК	
4.	Жасөспірімдер Азия ойындары, Азия пара ойындары (жазғы, қысқы)	1-орын	80 АЕК	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі Жасөспірімдер Азия ойындарына, Азия пара ойындарға дейін жүзеге асырылады.
		2-орын	70 АЕК	
		3-орын	60 АЕК	
5.	Спорттың Олимпиадалық, Паралимпиадалық, Сурдлимпиадалық түрлері бойынша Әлем чемпионаты (жазғы, қысқы)	1-орын	180 АЕК	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі Әлем чемпионатына (жазғы, қысқы) дейін жүзеге асырылады.
		2-орын	160 АЕК	
		3-орын	140 АЕК	
6.	(Әлем Кубогының кезеңдерінен басқа қ ы с қ ы олимпиадалық спорт түрлері бойынша) Әлем кубогы	1-орын	200 АЕК	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі Әлем кубогына дейін жүзеге асырылады.
		2-орын	150 АЕК	
		3-орын	100 АЕК	
	Спорттың Олимпиадалық, Паралимпиадалық, Сурдлимпиадалық түрлері бойынша Азия чемпионаты,	1-орын	110 АЕК	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі спорттың
		2-орын	90 АЕК	
			70 АЕК	

7.	Дүниежүзілік Универсиада (жазғы , қысқы)	3-орын		Азия чемпионаты дейін жүзеге асырылады.
8.	Спорттың Олимпиадалық, Паралимпидалық, Сурдлимпидалық түрлері бойынша жастар арасында Әлем чемпионаты	1-орын	110 АЕК	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі Әлем чемпионаты дейін жүзеге асырылады.
		2-орын	90 АЕК	
		3-орын	70 АЕК	
9.	Азия балалары, жастар арасында Азия чемпионаты	1-орын	90 АЕК	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі Азия чемпионаты дейін жүзеге асырылады.
		2-орын	70 АЕК	
		3-орын	50 АЕК	
10.	Спорттың Олимпиадалық, Паралимпидалық, Сурдлимпидалық түрлері бойынша жастар арасындағы Әлем чемпионаты	1-орын	90 АЕК	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі Әлем чемпионатына дейін жүзеге асырылады.
11.	Спорттың Олимпиадалық, Паралимпидалық, Сурдлимпидалық түрлері бойынша жастар арасындағы Азия чемпионаты	1-орын	70 АЕК	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі Азия чемпионатына дейін жүзеге асырылады.
	Спорттың Олимпиадалық, Паралимпидалық, Сурдлимпидалық түрлері бойынша ересектер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты мен Қазақстан	1-орын	85 АЕК	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі Қазақстан Республикасы
		2-орын	75 АЕК	
			65 АЕК	

12.	Республикасының Спартакиадасы (жазғы, қысқы)	3-орын		чемпионатына дейін (1 жыл) жүзеге асырылады.
13.	Спорттың олимпиадалық түрлері бойынша жастар арасындағы Жастар ойындары мен Қазақстан Республикасының чемпионаты	1-орын	60 АЕК	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі Қазақстан Республикасы чемпионатына дейін (1 жыл) жүзеге асырылады.
		2-орын	50 АЕК	
		3-орын	40 АЕК	
14.	Тірек-қимыл аппараты, естуі мен көруі зақымдалған мүгедектігі бар ересек спортшылар арасындағы Қазақстан Республикасының Паралимпидалық, Сурдлимпидалық ойындары, Қазақстан Республикасының чемпионаты	1-орын	85 АЕК	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі Қазақстан Республикасы чемпионатына дейін (1 жыл) жүзеге асырылады.
		2-орын	75 АЕК	
		3-орын	65 АЕК	
	Олимпиадалық емес және ұлттық, паралимпидалық емес спорт түрлері бойынша ересектер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты, Олимпиадалық емес спорт түрлерінен Қазақстан Республикасының спартакиадасы (жазғы, қысқы) (олимпиадалық емес және ұлттық түрлер бойынша	1-орын	70 АЕК	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі Қазақстан Республикасы
			60 АЕК	

15.	кемінде 8 спортшы қатысқан, салмақ дәрежесі мен пәнге)	2-орын		чемпионатына дейін (1 жыл) жүзеге асырылады.
16.	Ересектер арасындағы ұлттық және олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша Азия чемпионаты (олимпиадалық емес түрлер бойынша кемінде 12 спортшы қатысқан, салмақ дәрежесі мен пәнге кемінде 5 ел қатысуы тиіс)	1-орын	80 АЕК	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі Азия чемпионатына дейін жүзеге асырылады.
		2-орын	70 АЕК	
		3-орын	50 АЕК	
17	Ересектер арасындағы ұлттық спорт және олимпиадалық емес, паралимпидалық емес спорт түрлері бойынша Әлем чемпионаты (олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша кемінде 12 спортшы қатысқан, салмақ дәрежесі мен спорт саласынан кемінде 10 ел қатысуы тиіс)	1-орын	100 АЕК	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі Әлем чемпионатына дейін жүзеге асырылады.
		2-орын	90 АЕК	
		3-орын	70 АЕК	
18.	Ұлттық және олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша жастар арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты (кемінде 8 спортшы қатысқан, салмақ дәрежесі мен пәнге)	1-орын	35 АЕК	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі Қазақстан Республикасы чемпионатына дейін (1 жыл) жүзеге асырылады.

19	Дүниежүзілік көшпенділер ойындары	1-орын	150 АЕК	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі Дүниежүзілік Көшпенділер ойындарына дейін жүзеге асырылады.
		2-орын	125 АЕК	
		3-орын	100 АЕК	
20	Паралимпиада және сурдлимпиада спорт түрлері бойынша жастар арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты (кемінде 8 спортшы қатысқан, салмақ дәрежесі мен пәнге)	1-орын	35 АЕК	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі Қазақстан Республикасының чемпионатына дейін (1 жыл) жүзеге асырылады.

Олимпиадалық спорт түрлерінен Қазақстан Республикасының құрама командаларына кіретін Астана қаласының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалары) спортшыларының жаттықтырушыларына сондай-ақ Астана қаласында спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларының жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықтылым төлемдерінің мөлшері

Р/с №	Спорттық іс-шараның атауы	Жүлделі орын	Жабдықтылым мөлшері (АЕК)	Ескертпе
1.	Ересектер арасындағы Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада ойындары (жазғы, қысқы)	1-орын	120 АЕК	Төлемдер келесі Олимпиадалық, Паралимпиадалық ж ә н е Сурдлимпиадалық ойындарға дейін жүзеге асырылады (жазғы, қысқы).
		2-орын	100 АЕК	
		3-орын	80 АЕК	
2.	Жасөспірімдер Олимпиада ойындары (жазғы, қысқы)	1-орын	100 АЕК	Төлемдер келесі Жасөспірімдер Азия ойындарына, Параазиялық ойындарға дейін жүзеге асырылады.
		2-орын	80 АЕК	
		3-орын	60 АЕК	
3.	Ересектер арасындағы Әлем чемпионаты, Азия ойындары	1-орын	80 АЕК	Төлемдер келесі Әлем чемпионатына, Азия ойындарына дейін жүзеге асырылады.
		2-орын	70 АЕК	
		3-орын	60 АЕК	
		1-орын	60 АЕК	

4.	Ересектер арасындағы Дүниежүзілік универсиада, Азия чемпионаты	2-орын	50 АЕК	Төлемдер келесі Дүниежүзілік Универсиадаға, Азия чемпионатына дейін жүзеге асырылады.
		3-орын	40 АЕК	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК